

Әділет

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 Қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.07.2016 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.07.2016 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Премьер-Министрі	К. Мәсімов
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысымен бекітілген

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары

Ескерту. Үлгілік қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.04.2017 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар адамдар қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуші адамдарды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын (білім беру грантын) орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Әскери, арнаулы оқу орындарында алынатын білімді қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарына, егер Қазақстан Республикасының азаматы оны бірінші рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуші адамдарды қабылдау сертификаттағы балдарға сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Сертификаттар ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) немесе эксперименттік алаң болып табылатын "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау нәтижелері бойынша, сондай-ақ тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) 2014, 2015, 2016 жылдардағы жеңімпаздарына (бұдан әрі – халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) беріледі.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдары ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылады, халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарына білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін шәкілге сәйкес қорытынды бағаларды балға ауыстыру негізінде ҰБТ сертификаты беріледі.

Білім беру грантын беру конкурсы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2017 № 311 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. ҰБТ ағымдағы жылы жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының бітірушілері, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде оқытпайтын жалпы білім беретін мектептердің бітірушілері, республикалық музыка мектеп-интернаттарының бітірушілері үшін өткізіледі.

КТ өткен жылдардағы жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының бітірушілері, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері, халықаралық оқушылар алмасу желісі бойынша шетелде оқыған жалпы білім беретін мектеп бітірушілері, сондай-ақ оқу орындарын шетелде бітірген адамдар үшін өткізіледі.

6. Осы Үлгілік қағидалардың 43-тармағында белгіленген шекті балды алмаған ҰБТ қатысушылары, нәтижелері жойылған қатысушылар және ҰБТ-ға қатыспаған адамдар үшін ақылы негізде жоғары оқу орнына түсу үшін ҰБТ қайта өткізіледі.

7. Осы Үлгілік қағидалардың 43-тармағында белгіленген шекті балды алмаған КТ қатысушылары, нәтижелері жойылған қатысушылар және КТ-ге қатыспаған адамдар үшін ақылы негізде жоғары оқу орнына түсу үшін КТ қайта өткізіледі.

8. Осы Үлгілік қағидалардың 6 және 7-тармақтарында көзделген ҰБТ немесе КТ нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидалардың 43-тармағында белгіленген шекті балды алмаған адамдар жоғары оқу орындарына күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Бұл адамдар үшін жоғары оқу орнында білім алудың бірінші академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін ҰБТ немесе КТ қайта өткізіледі. Осы ҰБТ немесе КТ-дің қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидалардың 43-тармағында белгіленген шекті балды алмаған адамдар жоғары оқу орнынан шығарылуға тиіс.

9. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуші адамдарды ақылы негізде оқуға қабылдау ҰБТ немесе КТ нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (колледж) білімі бар адамдарды жоғары оқу орындарына ақылы негізде жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға оқуға қабылдау КТ нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Ұқсас мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Жоғары білімі бар адамдарды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзімге оқуға қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

10. Шетел азаматтарын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бөлінген квота бойынша мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық жоғары оқу орындарына қабылдауды жоғары оқу орындары дербес жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде жоғары оқу орындарына қабылдау жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

11. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

Ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы көзделген, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын жоғары білім мамандықтарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

12. Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін жоғары білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты бар жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

13. Пилоттарды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарына түсетін адамдардан құжаттарды қабылдау жоғары оқу орындарының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 8-бабының 12) тармақшасына сәйкес дәрігерлік-ұшқыштық сараптау комиссиясы берген пилоттарды даярлау жөніндегі жоғары оқу орнында оқуға жарамдылық бойынша медициналық қорытындысымен бірге міндетті түрде медициналық куәландыру ұсынылады.

14. ҰБТ немесе КТ тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін ҰБТ өткізу пунктерінде немесе базалық жоғары оқу орындарында өткізіледі.

Шығармашылық мамандықтарға, сондай-ақ құқық қорғау және арнаулы органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына түсетін адамдарға ҰБТ немесе КТ адамның таңдаған жоғары оқу орны бекітілген базалық жоғары оқу орнында өткізіледі.

15. ҰБТ және КТ өткізу қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

16. ҰБТ немесе КТ-нің бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

17. КТ-нің жалпы бейіндік және бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

18. Педагогикалық мамандықтарға, арнаулы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Мамандықтар тізбесі және арнаулы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

19. Арнаулы немесе шығармашылық емтихандар өткізілетін мамандықтардың тізбесі осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Педагогикалық немесе шығармашылық мамандықтарға түсетін адамдар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (төлнұсқа), 3 x 4 көлеміндегі екі фотосуретін, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ҰБТ немесе КТ сертификатын (бар болса) тапсырады.

20. Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің бойындағы қабілеттерді және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттарды анықтауға бағытталған.

21. Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші адамдар өздері таңдаған жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін шығармашылық емтихандарды тапсырады.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының бітірушілері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Шығармашылық мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

22. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау өздері таңдаған жоғары оқу орындары орналасқан жері бойынша 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

23. Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

24. Педагогикалық мамандықтарға түсу кезіндегі арнаулы емтихан оқуға түсушілердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған.

25. Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін оқуға түсушілерден өтініштер қабылдау және арнаулы емтихан өткізу жоғары оқу орындарында 20 маусым мен 18 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

26. Педагогикалық мамандықтарға түсуші адамдар жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

Педагогикалық мамандықтарға түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар үшін жалпы бейіндік және бейіндік пәндер бойынша балдар ескеріледі.

27. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

28. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

29 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

30. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

31. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

32. Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

33. Шығармашылық емтихан бойынша 5-тен төмен балл (жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттары бар адамдар) немесе 5-тен төмен балл алған (жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар) немесе емтиханға келмеген адамдарға осы мамандыққа түсу үшін КТ-ге және білім тапсырысын (білім беру грантын) беру конкурсына қатысуға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 412 қаулысымен

34. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

35. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

36. Арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге қабылдану орны бойынша жоғары оқу орнына ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі.

37. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

38. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтиханды тапсырушы адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

39. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

40. Жоғары оқу орындары меншік нысанына қарамастан күнтізбелік бес күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

3. Жоғары оқу орындарына қабылдау

41. Студенттерді қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары 10 – 28 тамыз аралығында өткізеді.

Оқуға түсушілер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі немесе жоғары (жоғары кәсіптік) білімі туралы құжатын (төлнұсқа), 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, ҰБТ немесе КТ сертификатын, сондай-ақ білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса) қоса береді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін:

- 1) еңбек кітапшасын;
- 2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
- 3) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы қосымша береді.

Осы Үлгілік қағидалардың 8-тармағына сәйкес жоғары оқу орнына қабылдау үшін адамдар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына өтінішпен бірге жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік) орта білімнен кейінгі білім туралы құжатын (төлнұсқа), 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, ҰБТ немесе КТ сертификатын қоса береді.

42. Білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген жоғары оқу орнына қабылдау туралы өтініш береді және жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық мамандықтар бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік иегерлері өздері арнаулы (шығармашылық) емтихан тапсырған жоғары оқу орындарына қабылданады.

43. Ұлттық жоғары оқу орындарына ақылы оқуға шығармашылық емтихандарды талап ететін мамандықтарға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ немесе КТ-ден өткен, тестілеу нәтижелері бойынша – кемінде 65 балл, ал "Білім беру", "Ауыл шаруашылығы ғылымдары" және "Ветеринария" мамандықтарының топтары бойынша – кемінде 60 балл, басқа жоғары оқу орындарына – кемінде 50 балл, ал "Жалпы медицина" мамандығы бойынша – кемінде 65 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл алған жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік) орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері қабылданады.

Жоғары оқу орындарына ақылы оқуға шығармашылық емтихандарды талап ететін мамандықтарға түсушілерді қоспағанда, КТ-ден өткен, тестілеу нәтижелері бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде жалпы бейіндік пән бойынша – кемінде 5 балл және бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл алған жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері қабылданады.

Ұлттық жоғары оқу орындарына ақылы оқуға шығармашылық емтихандарды талап ететін мамандықтарға түсушілер ҰБТ немесе КТ-ден өткен, тестілеу және шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша – кемінде 65 балл, ал "Білім беру" мамандықтары тобы бойынша – кемінде 60 балл, басқа жоғары оқу орындарына – кемінде 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алған жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының бітірушілері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік) орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының

(жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін – кемінде 35 балл, оның ішінде шығармашылық емтихан бойынша – кемінде 5 балл және бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл алған) бітірушілері қабылданады.

Осы Үлгілік қағидалардың 8-тармағында көзделген ҰБТ немесе КТ нәтижелері бойынша осы тармақта белгіленген шекті балды жинаған адамдар жоғары оқу орны басшысының атына ақылы негізде жоғары оқу орнына қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ немесе КТ сертификаты, уәкілетті тұлғаның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 412 қаулысымен

44. Жоғары оқу орнына қабылдау мамандықтар мен тілдік бөлімдер бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген мамандықтарға қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

Педагогикалық мамандықтарға қабылдау арнаулы емтиханның нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

45. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде жоғары оқу орнының студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төлеуге жататын соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап төрт аптадан асырылмай ұзартылады.

46. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың бірінші семестрі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

47. Осы Үлгілік қағидалармен регламенттелмеген мәселелерді жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары дербес шешеді.

	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 1-қосымша
--	--

Арнаулы немесе шығармашылық емтихан өткізілетін мамандықтар тізбесі

Коды	Мамандықтардың атаулары
1	2
Арнаулы емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар	
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
5B010300	Педагогика және психология
5B010500	Дефектология
5B010900	Математика
5B011000	Физика

5B011100	Информатика
5B011200	Химия
5B011300	Биология
5B011400	Тарих
5B011500	Құқық және экономика негіздері
5B011600	География
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
5B012500	Химия-Биология
5B012600	Математика-Физика
5B012700	Математика-Информатика
5B012800	Физика-Информатика
5B012900	География-Тарих
5B013000	Тарих-Дінтану
Шығармашылық емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар	
1	2
5B010400	Бастапқы әскери дайындық
5B010600	Музыкалық білім
1	2
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу
5B010800	Дене шынықтыру және спорт
5B020600	Дінтану
5B021500	Исламтану
5B040100	Музыкатану
5B040200	Аспаптық орындаушылық
5B040300	Вокалдық өнер
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері
5B040500	Дирижерлеу
5B040600	Режиссура
5B040700	Актерлік өнер
5B040800	Эстрада өнері
5B040900	Хореография
5B041000	Сценография

5B041100	Композиция
5B041200	Операторлық өнер
5B041300	Кескіндеме
5B041400	Графика
5B041500	Мүсін
5B041600	Өнертану
5B041700	Сән өнері
5B042000	Сәулет
5B042100	Дизайн
5B042200	Баспа ісі
5B042300	Арт-менеджмент
5B050400	Журналистика
5B051400	Қоғамдық байланыс
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы
5B140100	Орындаушылық өнер
5B140200	Халық аспаптары
5B140300	Ән айту өнері

	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 2-қосымша
--	--

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 412 қаулысымен

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны

Коды	Мамандықтардың атаулары	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны
1	2	3
Арнаулы емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар		
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B010300	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B010500	Дефектология	Педагогикалық жағдаятты

		шешу
5B010900	Математика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011000	Физика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011100	Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011200	Химия	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011300	Биология	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011400	Тарих	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011500	Құқық және экономика негіздері	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011600	География	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012000	Кәсіптік оқыту	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012500	Химия-Биология	Педагогикалық жағдаятты шешу
1	2	3
5B012600	Математика-Физика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012700	Математика-Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу

5B012800	Физика- Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012900	География- Тарих	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B013000	Тарих-Дінтану	Педагогикалық жағдаятты шешу

Шығармашылық емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар	
---	--

1	2	3*	4
5B010400	Бастапқы әскери дайындық	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
5B010600	Музыкалық білім	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
5B010800	Дене шынықтыру және спорт	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
5B020600	Дінтану	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Дін негіздері бойынша ауызша емтихан
5B021500	Исламтану	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан
5B040100	Музыкатану	Музыкалық әдебиет бойынша ауызша емтихан. Музыкалық тақырыптарды орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан
5B040200	Аспаптық орындаушылық	Соло бағдарламаны орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері	Соло бағдарламаны орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан. Гармония және этносольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан (домбыра мамандығы бойынша)
5B040500	Дирижерлеу	Дирижерлеу. Естіп талдау. Рояльда	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио

		ойнау. Коллоквиум	бойынша диктант
5B040600	Режиссура	Жазбаша жұмыс	Ауызша емтихан немесе көрсетілім
5B040700	Актерлік өнер	Актерлік шеберлік, сахна тілі	Би, вокал немесе коллоквиум
5B040800	Эстрада өнері	Эстрада вокалы. Аспапшылар үшін бағдарлама орындау	Музыка теориясы бойынша ауызша емтихан, сольфеджио
5B040900	Хореография	Орындау шеберлігі	Хореография педагогикасы бойынша ауызша емтихан
5B041000	Сценография	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041100	Композиция	Шағын нысанды жанрдағы шығармалардан көрініс. Музыкалық әдебиет бойынша коллоквиум	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B041200	Операторлық өнер	Практикалық жұмыс – павильонда және табиғатта түсіру	"Әлем және қазақ киносының тарихы" бойынша ауызша емтихан
5B041300	Кескіндеме	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041400	Графика	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041500	Мүсін	Сурет, мүсін	Композиция
5B041600	Өнертану	Жазбаша жұмыс	Өнертану бойынша ауызша емтихан
5B041700	Сән өнері	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B042000	Сәулет	Сурет	Сызу
5B042100	Дизайн	Сурет	Сызу
5B042200	Баспа ісі	Еркін тақырыпқа жазбаша эссе	Мәтінді редакциялау
5B042300	Арт-менеджмент	Реферат немесе арт-жобаны таныстыру	Коллоквиум
5B050400	Журналистика	Шығарма	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
5B051400	Қоғамдық байланыс	Еркін тақырыпқа жазбаша эссе	Ауызша презентация
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы	Орындау шеберлігі	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері
5B140100	Орындаушылық өнер	Соло бағдарламаны орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B140200	Халық аспаптары	Соло бағдарламаны орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант

5B140300	Ән айту өнері	Соло бағдарламаны орындау	Музыканың бастауыш теориясы бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
<p>* - жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға оқуға түсушілер үшін.</p>			